

Азаматтарды 2007 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы.

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімиятының 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 113/5 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 3 мамырда N 3088 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндет және әскери қызмет туралы" Заңы 19-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 17 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және азаматтарды 2007 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 318 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы "Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" N 623 қаулысына сәйкес, Павлодар облысында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымшылдықпен өткізу мақсатында облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысының азаматтарын 2007 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымшылдықпен өткізу қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыруға басшылық жасау мен бақылауды үйлестіру үшін қосымшаға сәйкес құрамда облыстық шақыру комиссиясы құрылсын.

3. Облыс қаржы департаменті азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды қамтамасыз етуге байланысты іс-шараларды қаржыландыруды 2007 жылға арналған облыстық бюджетте белгіленген шығыстарға сәйкес қамтамасыз ететін болсын.

4. Облыс денсаулық сақтау департаменті азаматтарды әскери қызметке шақыру кезінде қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдердің өтінімдеріне сәйкес дәрігерлік комиссиялардың құрамында тиісті санаттағы және әскери-дәрігерлік сараптамада тәжірибесі бар дәрігер қызметкерлердің қажетті санын бөлсін.

5. Облыс ішкі істер департаменті (келісім бойынша):

ішкі істер органдарында есепте тұрған және бас бостандығынан айырылмай айыпталған азаматтардың тізімдерін шақыру комиссияларына дер кезінде беретін
б о л с ы н ;

әскерге шақырылған азаматтарды әскерге аттандыратын кезеңде облыстық жиналу пункті мен теміржол сапаржайында милиция жасақтарының кезекшілігін
ұ й ы м д а с т ы р с ы н .

6. Қалалар мен аудандар әкімдері:

қалалар мен аудандар қорғаныс істері жөніндегі басқармалары мен бөлімдері бастықтарының төрағалық етуімен қалалық және аудандық шақыру
к о м и с с и я л а р ы н к ұ р с ы н ;

қалалар мен аудандардың бюджеттеріне сәйкес азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу іс-шараларын қаржыландыруды
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

шақырылғандарды медициналық куәландыру және шақыру комиссияларының жұмыс істеуі үшін қорғаныс істері жөніндегі басқармалар мен бөлімдер бастықтарына жабдықталған орындар берсін, өтінімдерге сәйкес көлікпен, сондай-ақ тиісті санаттардағы дәрігерлік және техникалық қызметкерлері қажетті санының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін болсын;

мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтардың отбасыларына Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жеңілдіктер мен жәрдемақы беруді қамтамасыз етсін;

азаматтарды әскерге шақыру және аттандыру кезінде әскерге шақыру пункттерінде жұмыс істеуге қатыстырылатын шақыру комиссиялары мүшелерінің, дәрігерлік құрам мен техникалық қызметкерлер жұмыс орындарының, атқаратын қызметтері мен орташа еңбекақыларының сақталуын
қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

запасқа шығарылған әскери қызметшілерді еңбекке орналастыруға көмектесетін
б о л с ы н .

7. Облыс қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы (келісім бойынша) әскерге шақыру жұмысына дайындалу және оны өткізу кезінде облыстық жиналу пунктінің техникалық қызметкерлерінің уақытша штатын жасақтау үшін облыстық бюджет есебінен Павлодар қаласы азаматтарынан 14 адамды жұмысқа тартсын.

8. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Ф. Вербнякқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ. Нұрпейісов

К е л і с і л д і :
облыс ішкі істер департаменті
бастығының міндетін атқарушы Ж. Сүлейменов
Облыс қорғаныс істері жөніндегі
департаментінің бастығы Ә. Оразалинов
 Павлодар облысы әкімдігінің
 2007 жылғы 20 сәуірдегі
 "Азаматтарды 2007 жылдың сәуір-маусым
 және қазан-желтоқсан айларында кезекті
 мерзімді әскери қызметке шақыру туралы"
 N 113 / 5 қаулысына
 қосымша

Облыстық шақыру комиссиясының құрамы

Алдажаров Асайын Кинашович	облыс қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы, төраға (келісім бойынша)
Иманғалиев Тілеуберген Теміржанұлы	облыс жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру департаменті директорының орынбасары, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)
Казанцева Вера Васильевна	облыстық аурухананың медициналық биісі, хатшы
Комиссия мүшелері:	
Каримов Олег Наильевич	облыстық әскери-дәрігерлік комиссиясының төрағасы
Мәмбетов Абай Қамалұлы	облыс ішкі істер департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Маутин Сержан Тілектесұлы	облыс қаржы департаментінің мемлекеттік, қорғаныс, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік органдарының қаржыландыру жоспарларын жүргізу және рұқсатнамалар беру бөлімінің бастығы
Парканов Александр Владимирович	облыс қорғаныс істері жөніндегі департаменті әскери қызметшілерді контракт және шақыру бойынша жинау басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Сүлейменов Мұрат Құснұлұлы	облыс денсаулық сақтау департаменті директорының орынбасары
Төлебеков Бахадир Жамалбекұлы	облыс қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары - пункт бастығы (жинау) (келісім бойынша)

Ескерту: Облыстық шақыру комиссиясының құрамына өзгеріс енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 28 қыркүйектегі N 234/8 қаулысы .